

«LauRus» бөбекжайы

Конституция күні



30 тамыз

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ**

Қарлығаш тобы: Маулешова М.Ж

2025 – 2026 оқу жылы

Бекітемін: *Маяк*

Күні: *29. 08. 2025ж*

Тақырыбы: «Конституция – ел тірегі»

Мақсаты:

- Балаларға Қазақстан туралы, оның басты заңы – Конституция туралы түсінік беру;
- Елін, жерін сүйуге, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;
- Отаншылдық, бірлік, татулық туралы ұғымдарды қалыптастыру.

Ұйымдастыру кезеңі: Әнұран айту Шенберде тұрып, амандасу:

– Күн жарығын аламыз,
Жүрекке нұр саламыз.
Қайырлы таң, достарым!
Қайырлы күн, Қазақстан!

Кіріспе әңгіме

- Балалар, біз қай елде тұрамыз? (Қазақстан)
- Қазақстан қандай ел? (Тәуелсіз, үлкен, бай, әдемі)
- Біз неге бейбіт өмір сүріп жатырмыз деп ойлайсындар?
- Себебі, бізде тәртіп бар, ереже бар. Ол – Конституцияда жазылған.

Түсіндіру

– Конституция – бұл еліміздің ең басты кітабы. Онда елімізде өмір сүру тәртібі, балалар мен үлкендердің міндеттері мен құқықтары жазылған.

Қазақстанның рәміздері:

- Бұл – Ту – көк түсті, күн мен қыран бар
- Бұл – Елтаңба – шаңырақ, пырақ, жұлдыз
- Бұл – Әнұран – еліміздің әні, оны орнымыздан тұрып тыңдаймыз.

Сергіту сәті

Ойын-би: «Мен – қазақпын»

- Мен қазақпын – көк байрақты
- Мен қазақпын – елін сүйген

(Қимылмен көрсетеді)

Шығармашылық тапсырма

- Қазақстан туралы сурет салу
- Ту мен Елтаңбаны тауып, әңгімелеу

Таңдау бойынша:

- Рәміздердің суретін бояу
- Қазақстан Туын салып, әңгімелеу
- «Мен елімді жақсы көрем» тақырыбында сурет салу
- Конституция кітабының макетін жасау (қалың кітап, бетінде жазу: «Қазақстан Конституциясы»)

Конституциясы»)

Қорытынды бөлім

- Біз қай елде тұрамыз?
- Конституция деген не?
- Қазақстанда қандай рәміздер бар?
- Біз қандай балалар болуымыз керек?

Қорытынды сөз:

– Балалар, біздің еліміздің басты заңы – Конституция.

Онда біздің өмір сүру ережелеріміз жазылған.

Біз әрқашан Отанымызды сүйетін, тәртіпті, әдепті, жақсы балалар болуымыз керек.